



Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі
Қазақстан Республикасы
«Қазгидромет» Республикалық
Мемлекеттік Кәсіпорны»

АЙЛЫҚ БЮЛЛЕТЕНЬ: °
ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ОРТАША АЙЛЫҚ АУА
ТЕМПЕРАТУРАСЫ ЖӘНЕ АЙЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН
МӨЛШЕРІНІҢ АНОМАЛИЯСЫ
2022 ҚАҢТАР АЙЫНА

Нұр-Сұлтан 2022

КІРІСПЕ

Аймақтық климатты зерттеу және оның өзгеруін үнемі қадағалау – Қазақстанның ұлттық гидрометеорологиялық қызметінің РМК «Қазгидромет» басым міндеттерінің бірі. РМК «Қазгидромет» ауаның орташа айлық температурасы мен жауын-шашынның ай сайынғы мөлшерінің Қазақстан аумағында ауытқуларына баға берілетін ай сайын бюллетеньдер шығарады.


Бюллетеньді дайындау үшін РМК «Қазгидромет» метеорологиялық бақылау желісінен алынатын бақылау деректері қолданылады: 1941 жылдан бастап ауаның орташа айлық температурасы мен айлық жауын-шашын мөлшері.

Ауаның орташа айлық температурасы мен жауын-шашынның айлық мөлшері аномалиясы Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым қазіргі климаттың ауытқуын бақылаудың базалық негізі ретінде ұсынған 1991–2020 жылдар аралығы үшін есептелген ұзақ мерзімді орташа мәндер, яғни нормаға қатысты анықталады. Ауа температурасының аномалиясы бақыланатын мәннің нормадан ауытқуы ретінде есептеледі. Жауын-шашын мөлшері аномалиясы нормадан пайызбен, яғни жауын-шашын мөлшерінің норманың тиісті мәніне пайыздық қатынасы түрінде ұсынылады.


Климаттық экстремумдарды сипаттау үшін карталар келтірілген, мұнда әр станция үшін эмпирикалық аспау ықтималдылығының мәндері 1941 жылдан бастап ағымдағы жылға дейін (эмпирикалық аспау ықтималдығы – бұл уақыт мәнінен аз немесе оған тең уақыттық қатар мәндерінің үлесі) келтірілді. Егер айнымалының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы экстремалды диапазондарға түссе (0-5 % немесе 95-100 %), онда бұл мән 1941 жылдан бергі кезеңде жағдайда 5 %-дан жиі кездеспегенін білдіреді. Егер ауа температурасының ағымдағы мәнінен аспау ықтималдығы 0-5 % аралығында болса, онда бұл жерде өте төмен температура байқалады, егер 95-100 % аралығында болса, керісінше, өте жоғары температура болғаны бақыланғанын көрсетеді. Егер жауын-шашынның мөлшерін қарастыратын болсақ, онда бірінші жағдайда бұл өте аз мөлшерді, екіншісінде – жауын – шашынның өте үлкен (экстремальді) мөлшерді көрсетеді.

ОРТАША АЙЛЫҚ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ АНОМАЛИЯСЫ

Қаңтарда Қазақстан территориясы бойынша оң аномалия таралған (1 - сурет). Территорияның батыс, солтүстік және орталық аудандарында температура нормадан 2 °С және 3 °С-қа жоғары болған, шығыс аудандарда 3 °С-тан жоғары, тіптен 4 °С болған жерлер байқалған. Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарының аудандарында оң аномалия мәні 5-7°С-тан жоғары болды. Ең жоғары оң аномалия Алматы облысының Бақанас және Чиганак МС байқалды (7,6 °С). Жамбыл және Алматы облыстарының көптеген МС көрсеткіштері бойынша олардың территорияларының басым бөлігінде экстремалды жылы болған, яғни қаңтар ең жылы қаңтарлардың 5% - на кірді (2 – сурет). Сонымен қатар, 21 МС айлық орташа температураның рекордтық мәні жаңартылды (1 - кесте). Кейбір батыс аудандарда және Қарағанды облысының оңтүстігінде, Қызылорда, Түркістан, Шығыс – Қазақстан облыстарының кейбір жерлерінде де экстремалды жылы болды. Қостанай облысының солтүстігінде ауа температурасының аномалиясы 1 °С-тан төмен болды.



1-сурет. 1991–2020 жж. базалық кезеңмен есептелген 2022 жылғы қаңтар айындағы орташа айлық ауа температурасы аномалияларының (°С) кеңістіктік таралуы.




2-сурет. 1941-2022 жылдар кезеңінің деректері бойынша есептелген 2022 жылғы қаңтардағы ауа температурасының аспау ықтималдылықтарының кеңістіктік таралуы.

Кесте 1. – 2022ж қаңтар айында байқалған ауа температурасының орташа айлық көрсеткішінің максималды рекордтары.


№	Станция	Облыс	2022 ж. максимум	Алдыңғы максимум
1	Айдарлы	Алматы	-1,5	-1,8 (1987)
2	Аксенгир	Алматы	-2,1	-3,1 (2016)
3	Актогай	Шығыс-Қазақстан облысы	-8,2	-8,7 (1983)
4	Алаколь	Алматы	-6,8	-7,1 (1983)
5	Алматы_ОГМС	Алматы	-0,1	-1,0 (2016)
6	Аул4	Алматы	-4,4	-5,0 (2002)
7	Баканас	Алматы	-2,2	-3,4 (2002)
8	Капчагай	Алматы	-1,2	-1,3 (2016)
9	Кордай	Жамбыл	-1,2	-1,6 (1963)
10	Куйган	Алматы	-3,9	-4,7 (2002)
11	Кулан	Жамбыл	-1,2	-0,2 (2019)
12	Мойынқум	Жамбыл	-1,1	-1,2 (2016)
13	Сарыозек	Алматы	-2,6	-2,6 (1987)
14	Толе би	Жамбыл	0,2	-0,9 (2016)
15	Учарал	Алматы	-6,7	-8,0 (1987)
16	Уштобе	Алматы	-3,2	-4,2 (2002)
17	Уюк	Жамбыл	0,6	-0,7 (2002)
18	Шелек	Алматы	-0,8	1,4 (2016)
19	Узынагаш	Алматы	-2,3	-3,0 (2016)
20	Чиганак	Жамбыл	-3,1	-3,7 (2016)
21	Шокпар	Жамбыл	0,4	0,1 (1963)

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ АЙЛЫҚ МӨЛШЕРІ

2022 жылдың қаңтарында жауын-шашын мөлшері аумақ бойынша біркелкі болмады (3-сурет). Жауын-шашын норманың 120 %-дан астамы елдің әртүрлі бөліктерінде байқалды: Батыс Қазақстан (норманың ең көбі 195 %), Атырау (норманың ең көбі 272 %), Ақтөбе (норманың ең көбі 271 %), Қостанай (норманың ең көбі 235 %) облыстарында. Сондай-ақ, жауын-шашын нормасынан едәуір асатын аймақ Қызылорда облысының Шығыс аудандарынан Түркістан (ең көбі 283 % норма) және Жамбыл (ең көбі 388 % норма) облыстарының көп бөлігі арқылы және одан әрі Балқаш маңы ауданы мен Шығыс Қазақстан облысының батыс бөлігі (ең көбі 339 % норма) арқылы созылды. Жауын-шашынның ең маңызды қабаты (158,2 мм) Түркістан облысындағы Ащысай МС-да тіркелді, бұл норманың 220 %-ын құрады. Төрт МС-да ай сайынғы жауын-шашынның жаңа максималды мәні орнатылды (2-кесте). Сондай-ақ Қазақстанның көптеген өңірлерінде жауын-шашын мөлшері норманың 80 %-ынан азды құрады: Маңғыстау облысының батысында (норманың 40 %-ынан аз), Арал теңізінің шығысында, Ақмола, Павлодар және Қарағанды облыстарының шекарасында (норманың 50 %-ынан аз). Жауын-шашын тапшылығы бар шағын аймақтар Қазақстанның кейбір басқа аудандарында да байқалды. Жауын-шашын тапшылығы бар едәуір облысты республиканың оңтүстік-шығысы мен шығысы алып жатыр, кей жерлерде нормадан 10-20 % аз жауын-шашын түсті. Алматы облысының Жалаңашкөл МС бір ай бойы жауын-шашын болған жоқ. 14 МС деректері бойынша ылғалдандыру шарттары өте ылғалды және 7 МС–да өте құрғақ ретінде сипатталды (4-сурет).



3-сурет. 2022 жылғы қаңтардағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің кеңістіктік таралуы (1991-2020 жж. кезеңге есептелген нормадан % бойынша)



4-сурет-2022 жылғы қаңтарда атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы.

Кесте 2. – 2022 ж қаңтар айында түскен жауын-шашын мөлшерінің рекордтық көрсеткіштері

№	Метеостанция	Облыс	Жауын-шашынның белгіленген экстремалды максималды мөлшері	Жауын-шашынның бұрынғы экстремалды мөлшері
1	Балқаш	Қарағанды	30,2 мм	27,8 мм (2019 г.)
2	Қарауыл	Шығыс-Қазақстан	28,5 мм	25,6 мм (1947 г.)
3	Шолақкорған	Түркістан	38,2 мм	30,9 мм (1992 г.)
4	Чиганак	Жамбыл	38,4 мм	27,4 мм (2014 г.)